

Комбайн жаткасының құрылысы

Өздігінен жүретін отандық комбайндарда теңестіру корпусына тәуелсіз асылып орнатылған жаткалар пайдаланылады, олар жер бедерін башмақ-тарымен көшірмелейді. Бұл жаткалар төмендегідей өз алдына жеке екі бөлікке бөлінеді: жатка корпусы 2 (4-сурет) және көлбеу корпус 1. Жатка корпусында башмақтар, қырку аппараты, қалбағай, шиек, вариатор, жетек механизмдері орналастырылған. Көлбеу корпусқа шығырлы-тактайшалы қалықтама транспортер орнатылған. Көлбеу корпус молотилкаға 12 екі топса 11 арқылы жалғасқан. Екі гидроцилиндрдің 8 көмегімен оны көтеруге және түсіруге болады, бұл ретте жатка осы топсалардың айналысымен біршама бұрылады. Жатка корпусы 2 көлбеу корпусқа үш нүктесімен қосылған. Сфералық топса 4 ортасын, ал топсалы аспалар 7 екі бүйірін жалғастырады.



Аспалар 7 теңестіру серіішесінің 10 блоктарымен қосылған, бұл қосылыстар теңестіру рычагтары 9 арқылы ерекше жасалған. Жатка корпусы жерге салмағымен тіреледі де екі башмағымен 3 жер бедерін көшірмелейді. Көлбеу корпусының екі жағында роликтер 6 бар, солардың үсті-мен жатка корпусы тіректері 5 жеңіл сырғанайды. Ортаңғы сфералық топса 4 мен екі роликтің екеуі де 6 жалпы осьте орналасқан. Осы көрсетілген схемадан, молотилка мен көлбеу корпус (гидроцилиндрлер жұмыс істеп тұрғанда) қатаң конструкция құрай-тынын көруге болады. Жатка корпусы оларға тәуелді емес. Ол көлбеу корпусы бар молотилкадан ауытқи отырып, жер бедерін: башмақтарымен көлденең және бойлық бағыттарда еркін көшірмелей береді. Осындай ауытқи кезінде тіректер 5 роликтердің 6 үстімен сырғанайды. Сонын, арқасында жатка корпусы бір жағына бұрылмай, қалыпты жағдайда тұрады. Барлық жаткалар комбайнның маркасы мен алым еніне қарамастан, егістік бетін бойлық бағытта 150 мм етіп көшірмелейді. Яғни оның корпусы горизонтал қалыпқа дейін көтеріледі немесе одан 150 мм төмен түседі. Көлденеңінен көшірмелеудің шамасы (башмақтардың көтерілуі мен түсірілуі) комбайн маркасы мен жатканың алым еніне байланысты болады. Егістік жердің бедерін еркін әрі сенімді түрде дұрыс көшірмелеу үшін жатканың корпусы башмақтарға аса көп күш түсірмеуі қажет және бұл күш жатканың әр түрлі қалпына байланысты өзгермеуге тиіс. Шектен тыс күш түскенде башмақтардың топыраққа кіріп кетуі мүмкін. Егерде күш өте аз түссе башмақтардың, жер бетінен көтеріліп кетуі ықтимал. Барлық жаткаларда серіппелер әрбір башмақтарға 25—30 кг-ке (250—300 Н)* тең күш түсіретіндей етіп керілуге